

## АДЪЕКТИВТЕНУ АМАЛЫ

Адъективтену - басқа сөз таптарының сын есімге ауысуын білдіретін конверсиялық процесс. Яғни, ешқандай қосымша жалғанбай, басқа сөз табына жататын сөздердің сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы сындық ұғымды білдіруі.

Жалпы тіл білімінде сөздердің бір лексика-грамматикалық категориядан екінші бір лексика-грамматикалық категорияға ауысулары конверсия деп аталады да, ол сөзжасамның бір жолы ретінде танылады және ол сөздік құрамды жаңа лексемалармен байытатын маңызды факторлардың қатарына жатқызылады. Конверсиялық сөз тудыру әсіресе, ағылшын тілінде орын алған. Конверсиялық тәсіл – ағылшын тілінің сөзжасам жүйесіндегі өнімді тәсілдердің біріне жатады. Алайда кейбір ғалымдар конверсияны сөз тудырудың арнаулы жолы емес, грамматикалық құбылыс деп те таниды немесе конверсия тәсілін мойындамайтын, тіпті жоққа шығарушылар да бар. Алайда ғалымдардың көпшілігі сөз таптарының бір-біріне ауысуын конверсия деп атап, оны сөзжасамның бір тәсілі ретінде қарайды. Конверсия қалай болғанда да өте ұзаққа созылатын процесс, сөздер бір лексика-грамматикалық категориядан екінші бір лексика-грамматикалық категорияға оңайлықпен ауыса салмайды.

Жалпы тіл білімінде сөз таптарының бір-біріне ауысуы конверсия, трансформация, транспозиция т.б. атаулармен аталады. Сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуы, ең алдымен, функционалдық құбылыс болып табылады. Сөздер алдымен екінші бір сөз табының грамматикалық белгілерін игере келе, біртіндеп жаңа сөз табына ауыса бастайды. Сондықтан бұл ауысу кезеңдік сипатқа ие. Сондықтан да жалпы конверсия құбылысына толық және жартылай ауысу терминдері тән.

Қазақ тілінде сын есімнің өз алдына дербес грамматикалық топ болып қалыптасуына адъективтену процесінің атқарған рөлі зор. Себебі, негізгі сын есімдердің барлығы о баста басқа сөз таптарынан ауысып атрибутивтік мәнде қалыптасқан сөздер болып табылады. Қазақ тіліндегі сын есімдер тобындағы *ауру, жамау, жүдеу, кебу, ақсақ, сасық, жасық, қайнар* (бұлақ), *жанар* (тау), *қашаған, сүзеген, қабаған, тебеген, өңкиген, дүңкиген, өзге, басқа, ұшқалақ, ұшқыр* т.б. сөздер есім мен етістік тобындағы сөздерден ауысып, сын есімдерге айналған.

Қазіргі қазақ тілінде *ақ, қара, көк, бай, кедей, жас, жарық, тең* сын есімдері атрибутивтік мәнде орнығуы - осы синтаксистік қолданыс нәтижесі. Бұлар әрі сындық, әрі заттық мағынада қолданылады.

Сын есімдердің мағынасы мен грамматикалық ерекшелігіне қарай түпкілікті және уақытша адъективтенген болып бөлінеді. **Түпкілікті не толық адъективтенген жағдайда ол сөздер сын-сапа мағынасына толық ауысып, тек сын есім сөз табы ретінде танылады. Ал уақытша адъективтенген сөздер сын-сапа мәнін сөйлеу кезінде, контексте иеленеді де, контекстен тыс сын есім сөз табына жатқызылмайды. Мысалы «Береген қолым – алаған» дегенде *береген* сөзі *қабаған* ит дегендегі *қабаған* сөзімен жасалу жолы бірдей**

болғанмен, *қабаған* сөзі иттің қасиетін сипаттайтын сапа мәнді сөзге толық ауысып адъективтеніп, сын есім сөз табына жатқызылады. Ал *береген*, *алаған* сөздері осы контексте адъективтеніп қолданылғаны болмаса, басқа жағдайда бұл сөздердің мағынасында басқа сөздер қолданылады. Мысалы, *береген – жомарт адам*. Сондай-ақ *береген*, *алаған* сөздері сөздіктерде реестрлік тізбеде дербес сөз ретінде берілмейді.

*Қызыл, жасыл, сары, ұзын, жүдеу, үлкен, кіші* т.б. сын есімге етістіктен ауысқан. Анықтауыштық қызметте жиі жұмсалып, ол қолданыс әбден тұрақталып адъективтенген. Бұл - сын есімдерді жасаудың өзге тәсілдеріне қарағанда онша белсенді емес.

*Алаңғасар, шалажансар, біртоға, жалаңаш, жарымжан, кішіпейіл, көнетоз, көнтерлі, төртпақ, қашаған, ауру, тасбауыр, ұрда-жық* т.б. сын есімдері деформаланған (әуелгі формасын жоғалтқан), идиомаланған. Бұлар шырай формаларымен де өзгере алады: *ұрда-жықтау, көнетоздау*.

Сөз таптарының ішінде адъективтену процесіне зат есімдер мен етістік анағұрлым бейім. Бұл генезистік негіздерінің бір болуымен және атрибутивтік функцияда жиі қолданылуымен байланысты. Сын есім мәнінде қалыптасқан алғашқы сөздер не зат есімдер не етістік сөздер болып келеді.

Түбір етістіктерге қарағанда, оның белгілі тұлғалары адъективтену процесіне жиі ұшырайтындығы байқалады. Әсіресе, адъективтенуге қимыл есімі мен есімше формалары ұшырайды. Өйткені етістіктің осы екі формасы атрибутивтік функцияда жиі жұмсалады.

**Адъективтенген қимыл есімдері.** Қимыл есімдерінің атрибутивтік функцияда қолданылуы көне дәуірден бері келе жатқан құбылыс. Қимыл есімдері қимылдың, процестің атауы болғандықтан, олар етістіктің грамматикалық түрлену жүйесімен (шақ, жақ, рай) түрленбейді, керісінше есімдерше зат есімнің септік, тәуелдік формаларымен түрленеді, яғни септеледі, тәуелденеді.

Қазіргі тіл тұрғысынан қимыл есімі формасына негізінен -у тұйық етістік тұлғасын жатқызамыз. Бұл қосымша кез келген етістікке жалғанып, қимыл атауын жасайды (*бару, келу, кету, жүру, тұру* т.б.). Алайда қимыл атау формалы етістіктердің барлығы адъективтенбейді, сол сияқты субстантивтенбейді. Мысалы, *оқу, жазу, байқау, жайлау* т.б. сияқты сөздер заттанып, жаңа сөздер жасалған болса, сол сияқты адъективтенген қимыл есім формаларына *жарау (ат), жабырқау (көңіл), көлбеу (сызық), кебу (киім), бітеу (жара)* сияқты сөздерді жатқызуға болады. Бұндай қимыл есім формаларының толық адъективтенуінен туған сын есімдер сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалған сөздер емес, мағыналарының лексикалануы арқылы, конверсияланып (адъективтеніп) жасалған сөздер болып табылады. Бұл жердегі сөзжасамдық тәсіл – лексика-семантикалық тәсіл, яғни мағыналық ауысудан туған сөздер.

Тарихи тұрғыдан қимыл атауларына жатқызылатын қосымшалар біршама. Келер шақ тұлғасы -мақ/мек қосымшасы ескерткіштерде қимыл атауын жасайтын белсенді тұлға болған. Қазақ мақалдарындағы «Алыспақ бар да, атыспақ жоқ», «Жол ақысы – жүрмек, кісі ақысы – бермек» сияқты

қолданыстар осының айғағы. -мақ/мек формалы етістіктердің субстантивтенуі кең тараған. -мақ/мек тұлғалы субстантивтердің атрибутивтік қызметте жұмсалуды да көп кездеседі. Мысалы, *батпақ (жер), сатпақ (бет)*.

Қазіргі тіл тұрғысынан есім тудырушы қосымша ретінде танылып жүрген -ма/ме тұлғасы да о баста қимыл есімі болған. Тілдің даму барысында субстантивтеніп, зат есімдер тобына түпкілікті ауысқан. Біртіндеп олар атрибутивтік қызметте жиі жұмсала келе, адъективтеніп, сын есімдер туғызған. Мысалы, *қынама (бел), жалдама (еңбек), қызба (адам), бөспе (кісі), бұрма (сөз)* т.б.

Субстантивтену арқылы сын есімге көшкен қимыл есім тұлғаларына -ыс/іс/с қосымшасын да жатқызуға болады. Олар: ұқсас, тіркес, жалғас, талас. Бұл -ыс/іс/с тұлғалы адъективтерден гөрі тілімізде субстантивтер көбірек, яғни субстантивтеніп, зат есімдер көп жасалған. Мысалы, *соғыс, айтыс, күрес, тыныс, сөгіс*, т.б. Бұл -ыс/іс/с тұлғасының арғы тегі көне -ыш/іш/ш тұлғасымен вариант. Мысалы, *атыш (атыс), біліш (біліс), солуш (соғыс), уруш (ұрыс)* т.б.

Байырғы қимыл есімі тұлғасына -қы/кі қосымшасы да жатады. Қазіргі тілімізде бұл қосымша *ойнақы, қуақы, салдақы, жинақы, күлдіргі, бұралқы* тәрізді адъективтенген сөздер құрамында кездеседі. Бұл қосымша зат есімдер жасада да өнімді тұлға. Ғалымдардың пікірінше және тарихи ескерткіштер материалдары бойынша, -қы/кі қимыл есімі арқылы алдымен субстантивтер көп жасалған. Олар атрибутивтік қызметте жиі қолданылу барысында адъективтену процесіне ұшыраған.

Көнерген қимыл есімі тұлғасының бірі – -ыл/іл/л және -ын/ін/н қосымшаларының әбден көнеріп, түбірмен бірігіп, қолданыс барысында адъективтенген мынадай сөздер бар: *қызыл, жасыл, батыл, түгел* және *бүтін, ұзын, жақын, тосын, қиын* т.б. Сол сияқты -ыр/ір/р көнерген қимыл есім арқылы да адъективтеніп, *қыңыр, обыр, содыр, мықыр* сын есімдері жасалған. *Ұшқыр, тапқыр, білгір, өткір, үшкір* сын есімдерінің құрамындағы -қыр/кір тұлғасы да көнерген қимыл есім формасы болып саналады. Бұл сөздер де адъективтену процесін кешіріп, туынды сын есімдер жасаған.

Жалпы алғанда, адъективтену ретінде жоғарыда көрсетілген қимыл есімі тұлғалары қазіргі тіл тұрғысынан бәрі бірдей қимыл есімі ретінде танылмағанмен, тіл дамуының көне кезеңдерінде қимыл атауы формасы болып, алдымен субстативтеніп, кейін адъективтеніп, конверсия жолымен сын есімдер жасаған.

**Есімше формаларының адъективтенуі.** Есімше тұлғалары да қимыл есімдері сияқты адъективтенуге бейім тұрады. Сын есімдердің жеке сөз табы болып қалыптасуында есімше формаларының адъективтенуі ерекше рөл атқарады. Өйткені тілімізде есімше формаларының адъективтенуі арқылы жасалған сын есім сөздер жиі кездеседі. Есімше формаларының адъективтенуі тіл дамуының көне кезеңдерінен басталады. Бір кезде есімше тұлғасы болған қосымшалар тарихи тұрғыдан есімше тұлғаларының адъективтенуінен жасалған. Мысалы, -қалақ/келек (*ұшқалақ, жаңғалақ,*

*сасқалақ, қаңғалақ*), -қыр/кір, -қыш/кіш (*білгіш, сезгіш, тапқыш*), -қын/кін, -аған/еген (*қашаған, тебеген, қабаған, сүзеген*), -ашак/ешек, -ар/ер, -мыс/міс/мыш/міш (*алдамыш, өлеміш, жасамыс кәртәміс*), -шақ/шек (*еріншек, ұрыншақ, қызғаншақ, мақтаншақ*) және тағы да басқа осы тәрізді қосымшалар адективтену процесін өткергеннен кейін, сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы сөз тудыратын қосымшалар болып ұғынылды. Бұл қосымшалар көне дәуірлерде есімше категориясының көрсеткіші болған. Толық сындана (адективтену) келе, сын есім сөз табына көшкен. Мұндай есімше тұлғалы сөздердің толық адективтенгені соншалық, тіпті сапалық сын есімдердің семантикасын игеріп, шырай жұрнақтарымен түрлене алатын болған. Мысалы, *сасқалақтау, ұшқырлау, қаңғалақтау*. Алайда сапалық сын есімдерге өткен адективтенген есімше формалы сөздер негізгі сын есімдер сияқты заттар мен құбылыстың бойындағы тұрақты қалыптасқан сын мен сипатты білдірмейді, олардың сын-сипатты білдіруінде ерекшелік бар: адективтенген есімше формалы сын есімдер туа біткен қасиет, белгілерді емес, іс-әрекетпен, процеспен байланысты қалыптасқан тұрақты сын-сапаны білдіреді. Толықтай адективтенген есімше формалы сөздердің сындық мағынасы жанды заттарды айқындаудан, солардың ерекшелігін көрсетіп, атрибутивтік функцияда тұрақты жұмсалудан қалыптасқан. Бұндай сын есімдердің жанды заттармен тіркесіп жұмсалуды сондықтан. Мысалы, *қабаған ит, сүзеген сиыр, ұшқалақ адам, ұшқыр ат, еріншек адам* т.б. Сөйтіп, есімше формалы адективтенген сын есімдер мағынасында қимылға қатысты мағына сақталғанмен, қазіргі тіл тұрғысынан есімшенің емес, сын есімдердің грамматикалық сипатын танытады. Есімше формаларында шақтық мағына болса, толықтай адективтенген есімше формалы сын есімдерде шақтық мағына болмайды, яғни етістікке тән қасиеттерден қол үзеді. Керісінше, олар сын есімдерше зат есімдермен қабыса байланысып, атрибутивтік мәнде жұмсалып, сын есімдерше сынның артық-кемдігін білдіретін шырай жұрнақтарымен түрленеді. Сонымен қатар толық адективтенген есімше формалы сын есімдер сөйлемде тек атрибутивтік функцияда қолданылады. Ал толық адективтенбеген есімше формалары сын есім қызметін, яғни атрибутивтік қызметті уақытша атқарады, яғни синтаксистік қызметі тұрақсыз болады. Сонымен қатар уақытша адективтерде шаққа қатысты мағына сақталады. Мысалы, *барар жер* (келер шаққа қатысты), *келер күз* (келер шаққа қатысты), т.б. Осындай уақытша немесе жартылай адективтенген есімше тұлғалы сөздердің кейбіреулері тұрақты қолданыла келе, тұрақталып, етістікке тән қасиеттен біртіндеп қол үзіп, ақырында сын есімдер тобына ауысады. Мәселен, толықтай адективтенген есімше формалы етістіктер етістікке тән болымсыздық жұрнақтарын қабылдамайды. *Дұңкиген адам* дейміз, *дұңкимеген адам* деген жоқ, *қиылған қас* дейміз, *қиылмаған қас* деген қолданыс жоқ. Сөйтіп, есімше формалы етістіктердің толық адективтену арқылы сын есім сөздер жасалады.

Есімше формалы етістіктердің адективтенуінде -улы/улі және -ушы/уші қосымшаларының да ерекшелігі бар. Бұл тұлғалар арқылы

тілімізде уақытша адъективтер өте көп. Кез келген етістікке осы тұлғаларды жалғап уақытша адъектив формалар туғыза беруге болады. Мысалы, *қайраулы пышақ, байлаулы ат, тіркеулі шана, жазулы қағаз, түрулі перде және айтушы адам, келуші кісі* т.б. Бұл қосымшалар жалғанып, толықтай адъективтенген, яғни жаңадан жасалған сөздер де баршылық. Мысалы, *елеулі (оқиға), санаулы (адам), арнаулы (киім), таңдаулы (адамдар), жазушы, сатушы, оқушы* т.б. -улы/улі формалары жанды-жансыз заттардың бәрімен тіркесіп келе берсе, -ушы/уші тұлғасы адамға, малға қатысты жанды заттармен тіркеседі. -ушы/уші тұлғасы сонымен бірге *еді* көмекші етістігімен көп тіркесіп қолданылады, мұндайда негізінен өзінің есімше функциясында жұмсалады.

Ғалымдар есімше формалы етістіктердің адъективтенуінде метафоралық қолданыстардың үлкен рөл атқаратынын айтады. Мысалы, *дұңкиген адам, қиылған қас, уылжыған жас* сияқты сөз тіркестері әуелде метафоралық мәнде жұмсалудан, тұрақты қолданыла келе, адъективтенген.

Адъективтену процесі зат есімдерге де тән. Алайда зат есімдерде де толық (түпкілікті) не уақытша (жартылай) адъективтер жасалады. Мысалы қабыса байланысқан сөз тіркестерінде: *алтын сағат, күміс қасық, жез түйме, жібек орамал, түлкі мінез* т.б. сөз тіркестерінің бірінші компоненті зат есімдер екінші компонентті анықтап, анықтауыштық мәнде жұмсалған. Бірақ бұл тіркестердегі *алтын, күміс, жез, жібек, түлкі* сөздері – уақытша адъективтер. Жалғаусыз тіркескен зат есімдердің алғашқы компоненттері мәнінде жұмсалған мұндай зат есімдер сын есімдер қатарына түпкілікті ауыспаса да, уақытша атрибутивтік мағынаға ие болады.

Қазіргі қазақ тілінде зат есімнен сын есімге ауысқан сөздерді бірден табу да, тану да қиын. Ең көне сын есімдер болып табылатын бір буынды түбір сөздердің өзі семантикалық жақтан бірде зат есім, бірде сын есім болып құбылып тұрады. Мысалы, *көк (шөп) – көк (аспан) – көк (түс), жас (адамның жас мөлшері) – жас (жігіт)*.

Құрамына қарай **жалаң** және **күрделі** адъективтер болып бөлінеді.

Бір сөзден тұратын лексемалар **жалаң** деп аталады. Мысалы, *қашаған, сүзеген, ақсақ, қызу, бітеу* (жара).

Екі компонент немесе одан да көп сыңардан тұратын сын есімдер **күрделі** адъективтер деп аталады. Мысалы, *ұрда-жық, әпербақан, безбүйрек, желаяқ, жатынішер* т.б.

Осымен байланысты күрделі адъективтер тұлға жағынан **біріккен, күрделі, фразеологиялық тіркес** болып келеді.

Шығу тегіне қарай **есім негізді, етістік негізді** немесе **аралас түрдегі адъектив** болып бөлінеді.